

Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Философия [492]

Мақсаты: болашақ кәсіби қызмет контекстінде философия және оның негізгі мәселелері мен әдістері туралы жүйелі идеяларды қалыптастыру. Философияның тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұны қарастырылады; әлемді ғылыми және философиялық тану әдістерін жіктеу; қазіргі әлемдегі негізгі дүниетанымдық ұғымдардың рөлі мен маңыздылығын негіздеу.

Дәріскер филос.ғ., проф. Ғабитов Т.Х.

Дәріс тақырыптары:

- 1 Дәріс.** «Философияның пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі».
- 2 дәріс.** «Философияның тарихи типтері мен түрлері».
- 3 Дәріс.** «Болмыс мәселесі. Онтология және метафизика».
- 4 Дәріс.** «Сана және тіл».
- 5 Дәріс.** «Таным және шығармашылық».
- 6 Дәріс.** Білім, ғылым, техника және технологиялар
- 7 Дәріс.** «Адам».
- 8 Дәріс**«Өмір және өлім. Өмірдің мәні».
- 9 Дәріс.** «Этика. Құндылықтар философиясы».
- 10 Дәріс.** «Еркіндік».
- 11 Дәріс.** «Өнер философиясы»
- 12 Дәріс.** «Қоғам және мәдениет».
- 13 Дәріс.** «Тарих философиясы».
- 14 Дәріс.** «Дін философиясы»
- 15 Дәріс.** «Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы».

1 Дәріс. «Философия пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі»

Философия - адамзат баласының сонау көне заманнан басталған білімі, қоғамдық сананың формасы, болмыс пен танымның жалпы заңдылықтары туралы ілім. Философия сөзі грек тілінен аударғанда – «даналықты сүю», «даналыққа махаббат» деген мағынасын білдіреді. Б.з.д. 7-6 ғғ. Ежелгі Үнді, Қытай және Грекияда бір уақытта пайда болады. «Философия» сөзін алғаш рет қолданған грек философы және математигі Пифагор.

Философия пәні мынадай негізгі бөлімдерден құралады: 1. Онтология (болмыс туралы ілім); 2. Гносеология (таным туралы ілім); 3. Антропология (адам туралы ілім); 4. Аксиология (құндылықтар туралы ілім) 5. Этика (мораль туралы ілім) 6. Логика (ойлау заңдары туралы ілім) 7. Эстетика (сұлулықтың заңдары мен канондары туралы ілім)

Дүниетаным – дүние және ондағы адам орны туралы тұтас көзқарас. Тарих дамуында адамзат дүниетанымының үш тарихи түрі қалыптасты: Мифология; Дін; Философия; Мифология (гректің «миф» - «аңыз» сөзінен) – қоршаған дүние туралы реалды түсінікпен қатар фантастикалық қиялдың қосындысынан тұратын ежелгі қоғам дүниетанымы, қоғамдық сананың формасы. Дін дегеніміз – дүниедегі түрлі табиғи және әлеуметтік құбылыстарды ең жоғарғы жаратылыстан тыс күш иесі – жаратушы құдайдың құдіреті арқылы түсіндіретін қоғамдық сананың ерекше формасы.

Философия – дүниетанымының ғылыми-теориялық түрі. Философиялық дүниетанымының діни және мифологиялық дүниетанымдардан айырмашылығы: 1.Нақты ұғымдармен категориялардан құралады; 2. Қиялға, сенімге емес, білімге сүйенеді;

3. Рефлексивті (ойдың өз-өзіне бағытталуы); 4. Қисындылығы (ішкі тұтастық пен жүйелілікке негізделеді.)

Философияның – дүниетаным ретіндегі эволюциясы үш кезеңнен өтті:

Космоцентризм - Әлем, табиғат құбылыстары – сыртқы күштердің – Космостың күшімен, әсерімен, шексіздігімен түсіндірілетін, бүкіл тіршіліктің космостық циклдарға тәуелділігін тұжырымдайтын философиялық дүниетаным (Ежелгі Үнді, Ежелгі Қытай, т.б шығыс елдерінде және Ежелгі Грецияға тән). Теоцентризм – бүкіл болмыс, тіршілік – тек қана құдіреттің, Құдайдың үстемдігімен түсіндірілетін пікірге сүйенетін философиялық дүниетаным түрі (Орта ғасырлық Еуропаға тән). Антропоцентризм – орталығында адам мәселесі тұрған философиялық дүниетаным түрі (Қайта Өрлеу дәуіндегі Еуропаға, Жаңа заманға, қазіргі заманға философиялық мектептерге тән.) Философиялық білімнің ерекшеліктері (екіұдайлығы). Философиялық білімнің басты ерекшелігі – оның екіқұдайлығында. Ол ғылыми бөлімге жақын: пәні, әдістері, логикалық - ұғымдық аппараты ғылыммен ортақ.

Философияның негізгі функциялары мынадай: 1. Дүниетанымдық функция. 2. Теориялық функция. 3. Гносеологиялық функция. 4. Аксиологиялық – (грек. *axios* – құндылық) функциясы 5. Әлеуметтік функция. 6. Тәрбиелік функция. 7. Болжамдық функция.

Философияның негізгі сұрағы. Философияның дәстүрлі негізгі сұрағы деп – ойлаудың болмысқа, болмыстың – ойлауға (санаға) қатынасы мәселесін айтады. Сұрақтың негізгі болуының мәні, маңыздылығы: аамның (философияның басты міндеті болып табылатынын) қоршаған дүние және ондағы адам орны туралы тұтас білім жинақтаулы, қандай сипаттағы жүйе құруын – дәл осы сұраққа беретін жауабына тікелей байланыстылығында. Материя және сана (рух) – болмыстың қарама-қарсы және ажырамас екі сипаты. Осыған байланысты философияның негізгі сұрағынан оның екі – онтологиялық және гносеологиялық жақтары туындайды. Философияның негізгі сұрағының онтологиялық (болмыстық) жағы: «не бірінші: материя ма, әлде, сана ма?» деген сұрақпен беріледі. Философияның негізгі сұрағының гносеологиялық (танымдық) жағының мәні – «Дүние таныла ма, әлде, танымнан тыс па? Таным процесінде не бірінші?» - деген сұрақ. Философияның негізгі сұрағына беретін жауаптарына қарай адамдар материялистерге және идеялистерге бөлінеді.

Философияның негізгі сұрағының гносеологиялық жағына қатысты екі бағыт туындайды: Сенсуализм – (латынның «*sensus*» - сезім) – таным көзі және ақиқат өлшемі – сезімдер (түйсіктер) екені мойындалатын философиялық ағым.

Эмпиризм («эмпирио» - «сезімдік тәжірибе») - біліміздің қайнар көзі – сезімдік тәжірибе деп түсінетін философиялық бағыт. Рационализмнің (латынның *ratio* - «ақыл» сөзінен) негізін қалаушы Р. Декарт деп саналады. Рационализмнің басты идеясы – ақиқат білім тек ақылдан, тікелей ақылдан алынады және сезім мен тәжірибеге тәуелсіз.

Философияның даму тарихында философиялық зерттеулердің іске асуына құрал ретінде пайдаланылған және пайдаланылатын әдістер: Диалектика – заттар мен құбылыстардың ішкі қайшылықтарын, олардың өзгеру, даму ерекшеліктерін, себеп – салдарлық байланыстарын, қарама – қарсылықтардың бірлігі мен күресін ескере отырып, қарастыратын зерттеу әдісі.

Метафизика – диалектикаға қарама – қарсы әдіс. Догматизм – қоршаған дүниені догматтар шеңберінде – «жоғарыдан берілген», абсолютті дәлелдеуді қажет етпейтін мызғымас сенімдер, көзқарастар тұрғысынан ғана қарастыратын және қабылдайтын ойлау әдісі. Эклектика – біртұтас творчествоға енбейтін түрлі, еркінше алынған фактілерді, ұғымдарды, концепцияларды біріктіру нәтижесінде сырт қарағанда шын көрінгенмен үстірт, ақиқаттан алыс жатқан тұжырымдар жасау.

Софистика – ақиқат болмаса да ұтымды құрастырылған жалған алғышарттардан жаңа, логикалық тұрғыдан дұрыс, бірақ мағынасы жалған ойқорытынды жасау әдісі. Герменевтика – мәтіндер мағынасын дұрыс оқу және түсіндіру әдісі. Герменевтика

батыстық философияда кең таралған. Философиялық ілімдерді бастапқы негіздерінің саны бойынша классификациялау нәтижесінде: Монизм – болмыста бір ғана бастапқы негіздің болуы мойындалатын философиялық ілім. Плюрализм – болмыста екіден көп бастапқы негіздердің болуы мойындалатын философиялық ілім.

Философиялық ілімдерді бастапқы негіздерінің сапасына қарай классификациялау: материализм, идеализм, объективті идеализм, субъективті идеализм. Гилозоизм – тірі және өлі табиғаттың жандылығын насихаттайтын философиялық ілім. Пантеизм - Құдай (идеалды бастама) және табиғат (материалды бастама) теңестірілетін философиялық ағым: Деизм – «Құдай – дүниені жаратушы» деп, бірақ «дүниені жаратып және оның заңдарын қоса шығарып бергенмен Құдай одан кейінгі пәнилік істерге араласпайды, бұл дүние өз заңдарымен дамиды» деп санайды. Онтологияның негізгі ұғымдары: Космос – ежелгі грек тілінен аударғанда «тәртіп» деген мағынаны білдіреді. Космология – ғарыш және дүние құрылысы туралы ілім. Космогония – дүниенің шығу, қалыптасу, қазіргі жағдайға дейінгі даму процесі туралы ілім.

Агностицизм – дүниенің танылмайтындығын тұжырымдайтын философиялық ағым. Агностицизм ең ежелгі, еуропалық формаларына софистика мен скептицизмді жатқызуға болады. Релятивизм – (латынның «relativus» - салыстырмалы) – кез-келген білімнің салыстырмалылығын, шарттылығы мен толық еместігін және соның негізінде объективті ақиқатқа жетудің қандай да болмасын мүмкіндігін терістейтін философиялық бағыт. Рационализм - (латынның «ratio» - «разум» - «ақыл-ой») – «ақыл-таным негізі, танымның басты құралы және ақиқат өлшемі» ретінде қарастырылатын философиялық бағыт. Иррационализм – (латынның «irrationalis» - «бей ақыл», «бейсана») – ақылдың танымдық қабілет-күші шектелетін немесе терістелетін, ал болмыс мәні ақылдан өзгеше және ақылға берілмейтін құбылыс, нәрсе ретінде түсінілетін философиялық бағыт.

2 Дәріс. «Философияның тарихи типтері мен түрлері».

Философияның тарихи типтері:

1. Ежелгі Шығыс философиясы.
2. Антикалық философия.
3. Орта ғасыр және Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы.
4. Жаңа заман философиясы.
5. XIX ғасырдағы қазақ ағартушық философиясы.
6. XX-XXI ғасыр философиясы.

Ежелгі Үнді философиясы. Біздің жыл санауымыздан үш мыңдай жыл бұрын Ежелгі Үнді жерінде қауымдық қоғам ыдырап, оның орнына құлдық қоғам қалыптаса бастады. Осыған орай ежелгі үнді қоғамы төрт варнаға (каста) бөлінді. Олар: брахмандар (абыздар), кшатрийлер (әскербасылар), вайшылер (ауқатты шаруалар) және шудралар (құлдар). Әр варна тұйықталған әлеуметтік топ болды да, әрқайсысы қоғамда өзіне тиесілі орын алды және өздеріне ғана тән дәстүрлі қызметтері болды.

Мысалы, брахмандардың үлесіне – ой еңбегі, кшатрийларға – әскери қызмет, вайшылерге – ауылшаруашылық, қолөнер кәсібі, саудагерлік тисе, шудраларға – қара жұмыс қана тиді. Ежелгі үнді қоғамының осы даму кезеңіне сай мифологиялық, философиялық көзқарастары да, қалыптасты.

Үнді философиясының мақсаттары – адамгершілікке, руханилыққа баса назар аудару, адамның «өзін басқа барлық нәрседен және басқа барлық нәрселерді өзінен» көру, «йога» жаттықтыру, денені машықтандыру.

Ежелгі Қытай философиясы. Ежелгі Қытайдың қола дәуірінен темір дәуіріне өтуіне байланысты ауыл шаруашылығы мен қала тұрғындарының еңбектерінің бөлінуіне, әр түрлі сатыдағы әлеуметтік топтардың пайда болуына әкеліп соқтырды. Ежелгі Қытай мемлекеті – шын мәніндегі шығыстық деспотия болатын. Мемлекет басшысы – әрі патша, әрі абыз және жалғыз ғана жер иесі болды.

Б.д.д. үшінші ғасырдың аяғында пайда болған Ежелгі Қытай философиясы кейінірек негізі

алты философиялық бағытқа – мектептерге бөлінді. Олар: конфуцийшылдық, моизм, заң мектебі (легистер), даосизм, тұрпайы философтар (натурфилософия) және Атаулар мектебі. Конфуцийшылдық. Бұл философиялық ағымның пайда болуы және қалыптасуы, осы ағымның негізін қалаушы Кун-фу-цзы, оның ізбасарлары Мэн-цзы және Сюнь-цзының есімдерімен байланысты. Кун-фу-цзының ілімінше, ең жоғары жаратушы күш – аспан. Ол жерде әділеттілік болуын қадағалап отырады. Ал қоғамдағы теңсіздік, әртүрлі сатыдағы топтардың болуы ол – әділеттілік. Олай болса, аспан (көк) осы теңсіздікті қорғайды. Ең басты мәселелер – адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие.

Антика заманының философиясы (б.д.д. VII-VI ғғ.). Аталған дәуірлерде Эллада полистерінде (қала-мемлекет) қолөнер, сауда, ақшалай-заттық қатынастар жоғары қарқында дамып, осы себептердің негізінде өзіндік талап-мүдделері ерекшеленген әлеуметтік топтар пайда болды. Бұл ой еңбегі мен дене еңбегінің бөлінуіне, осы негізде таза зиялылар қауымының пайда болуына, әртүрлі әлеуметтік топтардың талап-мүдделеріне сай саяси-әлеуметтік, философиялық көзқарастардың қоғамдық сана ретінде қалыптасуына әкеліп соқтырды.

Сонымен қатар, антика философиясының қалыптасуына Крит-Микен, Гомерлік Греция кезеңдеріндегі әдеби-діни-мифологиялық көзқарастар және күнделікті өмір тұрғысынан тұжырымдалған данышпандық ой-пікірлер негізінде дамыған грек мәдениетінің сол кездегі Көне Шығыс мәдениетінің озық үлгілерін өз бойына сіңіруі арқасында қалыптасқан әлемнің субстанционалдық негізін іздеген, рационалданған көзқарастар зор әсер етті.

Орта ғасырлық философия. Құлиеленушілік қоғам күйреп, оның орнына Батыс Еуропа елдерінің қай-қайсысында да феодалдық қоғамдық қатынастар қалыптасып, христиан дінінің кең етек алып, тарауына байланысты, «шіркеу әкейлері» мен «пұтқа табынушылар» философиясының арасындағы мәмлеге келмес күрестің өрбу деңгейіне байланысты ортағасырлық философияны негізгі үш кезеңге бөліп қарастырады. Біздің заманымыздағы II ғасырынан бастап, алғашқы христиандық ойшылдардың ілімдерін жиынтықтап, кейін апологетика (қорғау) деп аталып кеткен діни-философиялық бағыт пайда болады. Негізгі өкілдері: Тициан, Тертуллаин Квинт Септимий Флоренс, т.б. Олар өз ілімдерінде христиан діні ежелгі грек философиясы сияқты жалпыадамзат алдында тұрған маңызды да күрделі мәселелерді көтеріп, оларға ежелгі грек философтарынан гөрі тереңірек, ауқымды және ұтымдырақ жауап береді, сондықтан да оларды христиан дініне сенбейтін билеушілер мен ғалымдардың сынауы негізсіз деген пікірді басшылыққа ала отырып, жаңа грек философиясының орнын басатын христиандық діни-философия жасауға бар күштерін салды.

Орта ғасырлық Шығыста VIII-IX ғасырларда Батыс Еуропаның мәдениеттік даму деңгейі төмен дәрежеде қалып қойған кезде араб тілді философия, араб мәдениеті кең өркен жайды. Ол ислам дінінің пайда болуымен де байланысты болды. Феодализм дәуірінде ортағасырлық өркениеттің бір ошағы болған Орта Азияда әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Бируни, Ибн Сина (Авиценна, Омар Хайям сияқты өз заманының ғұлама ғалымдары, ірі философ, ойшылдары өмір сүрді. IX-X ғ. Орта Азия халықтары араб халифатының үстемдігінен құтылып, жергілікті феодалдық мемлекеттер пайда болды. Осы кезде мұнда жаратылыстану ғылымдары айтарлықтай күшті дамыды.

Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы. XV ғасырдың аяғында өндірістің, сауданың, әскери саланың жедел қарқынымен өсуі – техниканың, табиғаттану ғылымдарының, математиканың, механиканың дамуына себепші болды. Қолөнер өндірісінен машина өндірісіне өту басталды. Капиталистік өндірістік қатынастардың одан әрі дамуы XV ғ. аяғы мен XVI ғ. басында ұлы географиялық жаңалықтардың ашылуына алып келді. Мұның бәрі сайып келгенде ақыл-ойдың схоластикалық ойлаудан азат болып, дүниетанудың жаратылыстану ғылыми тәсілдеріне көшуін талап етті. Бұл бағытты Қайта өрлеу дәуірінің аса ірі ойшылдары Н.Кузанский, Н.Коперник, Дж. Бруно, Г.Галилей және т.б. жақтады. Бұл дәуірде жаңа мәдениет – гуманизм пайда болды.

Жалпы алғанда Қайта өрлеу философиясы негізгі үш бағытта дамыды:

- 1) Біріншісі (Н.Кузанский, П.Мирандолла, Леонардо да Винчи, т.б.) адамның еркін, бостандығын өздерінің философиялық ілімдерінің негізгі өзегі етіп қабылдап, рухани өмірде, мәдениетте гуманизм (адам сүйгіштік) деген бағытты дүниеге әкелді.
- 2) Екіншісі (Т.Компанелла, Т.Мор), қоғамдық құрылысты сынап, утопиялық социалистік идеяға бой ұрады.

- 3) Үшіншісі (Н.Коперник, Д.Бруно, Г.Галилей), табиғаттану ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, христиан дінінің әлемнің пайда болуы және оның құрылысы туралы іліміне сәйкес келмейтін, табиғат құбылыстарын өз заңдылықтарына сүйеніп түсіндіруге болатын көзқарастың дамуына үлкен әсер еткен революциялық жаңалықтар ашты.

Жаңа заман философиясы мен мәдениетінің дамуына Ренессанс үлкен ықпалын тигізді. Ренессанс дәуірінде білімнің қарқынды дамуы, антик мәдениетін қайта жаңғырту, жаратылыстанымдық ғылымдардың пайда болуы сияқты құбылыстар орын алды. XVI-XVII ғ.ғ. Батыс Еуропадағы дамыған елдерде феодалдық қоғамдық қатынастар біртіндеп ыдырап, капиталистік өндірістік қарым-қатынастар өмірге келіп, жаңа қоғамдық тап-буржуазия дербес әлеуметтік күшке айнала бастады. XVII ғасырдағы материализм механистік және метафизикалық сипатта болды, өйткені ол кездегі ең дамыған ғылымдар механика мен математика еді. Сондықтан философияның ғылымға қатынасын анықтау көптеген философтардың маңызды міндетіне айналды. Осыған орай философ-эмпиристер Локк және Юм, трансценденталист Кант философия мен жаратылыстану арасындағы шекараны демаркациялау туралы мәселені шешумен айналысты.

Ағартушылық философиясы және француз материализмі. XVII-XVIII ғ.ғ. алғашында Англияда, содан соң Францияда, кейінен Германияда феодалдық қоғам идеологиясына қарсы, адамның ақыл-ой бостандығы үшін күресте ағартушылық деп аталатын кең ауқымды философиялық ағым пайда болды.

Ағылшын ағартушысы Дж. Толанд, француз ағартушылары Гассенди, Монтескье, Вольтер, Кондильяк, Руссо, неміс ағартушылары Х.Вольф, Лессинг, Гете, т.б. діни сенімге шек қойып, ақыл-ой мен ғылыми дүниеге көзқарасқа кең жол ашу, моральды діннің «қамқоршылығынан» азат ету, сөйтіп, ақыл-ойдың табиғи дамуына жол ашу үшін күресті.

Ресейде философиялық ой-пікірдің өз дәстүрлері мен ерекшеліктері бар. Олар, көбінесе, Ресейде ғасырлар бойы орын алған мәдени-әлеуметтік процестерге байланысты. Орыс философиясындағы материалистік дәстүрлер Ломоносовтан басталады. М.В.Ломоносов аты әлемге әйгілі бірінші орыс ойшылы, ғалымы, ғылымның сан-саласын дәйекті дамытқан данышпан (материалист).

Философияның негізгі мәселесін материалистік тұрғыдан шеше отырып, Ломоносов материя атомдардан тұрады, ал атомдар өзара қосылыса келе молекулаларды құрайды, ал соңғылардың қосылысынан аралық заттар түзіледі деп есептеді. Әлеуметтік өмірді түсіндіруде Ломоносов ағартушылық, гуманистік көзқарасты ұстады. Сондай-ақ оның көзқарасында деизмнің элементтері де бар еді.

XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының дүниетанымдық көзқарасы. Ресейге күштеп қосылу нәтижесінде Қазақстанда өндіргіш күштер мен халық ағарту ісін ұйымдастыру және басқаруда ілгерілеу байқалды. Орыс революционер демократтарының идеалдары Қазақстан ағартушы демократтарының жанына жақын келді. Олардың кейбірі (Уәлиханов, Абай, Алтынсарин) Н.Г.Чернышевскийдің, Н.А.Добролюбовтың, А.И.Герценнің, В.Г.Белинскийдің еңбектерімен, ал кейбірі (Уәлиханов, Абай) авторларымен таныс болатын. Қазақ ағартушылығының негізін салушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – демократиялық ұлттық мәдениетіміздің көрнекті өкілі. Энциклопедист-ғалым, шығыстанушы, саяхатшы, публицист және қоғам қайраткері Шоқан Уәлиханов өз бойында шын мәнінде еуропалық білімділік пен Шығыс халықтарының мәдениеті жайлы терең түсінікті үйлестірді және қысқа ғұмырында мол да жан-жақты шығармашылық мұра қалдырды. Ш.Уәлиханов тікелей философиялық мәселелер жөнінде еңбектер жазбаған, алайда, көптеген шығармаларынан философиялық

пікірлері мен тұжырымдарын байқауға болады. Ол «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Даладағы мұсылмандық жөнінде», «Тәңір (құдай)» деген еңбектерінде философияның негізгі мәселесіне қатысты пікірлер айтады.

Маркстік философияның пайда болуының тікелей әлеуметтік алғышарты – өнеркәсіптік жұмысшы табының дамуы және оның революциялық қызметінің өсуі болып табылады. Маркстік философияның дүниеге келуінің ғылыми себептері де болды. Бұл кездегі ұлы ғылыми жаңалықтар табиғатта да, қоғамда да барлық құбылыстар бір-бірімен тығыз байланыста және ұдайы даму үстінде болатынын дәлелдеді. Маркстік философияның негізін қалаушылар: Карл Маркс, Фридрих Энгельс, В.И. Ленин.

Батыс философиясы үшін ХІХ-ғасырдың соңы мен ХХ-ғасыр дәуірдің өзіндік санасы айқын көрініс тапқан және тарих пен мәдениет дамуының логикасы бұрынғыдан өзгеше түсіндірілген неше түрлі бағыттарға толы ерекше кезең болды. ХІХ-ғасырдың соңынан бастап Батыс философиясында философияның жаңа, классикалық емес типі қалыптаса бастады және ол ХХ-ғасырда қарқынды дамыды. Оның құрамына неотомизм, тотенциализм, позитивизм, постмодернизм, структурализм және тағы басқа бағыттар кіреді. Оларға белгілі бір деңгейде тұтастық тән деуі болады, бірақ айқын білінетін ерекшеліктері де бар.

ХХ-ХХІ ғ-ғы философиясының негізгі бағыттары: психоанализ. (З.Фрейд және Э.Фромм), неопозитивизм, экзистенциализм (М.Хайдеггер. Ж.Сартр. А.Камю. К.Ясперс. Н.Аббаньяно), постмодернизм, неотомизм, герменевтика және т.б. Олар негізінде рационалистік және иррационалистік бағыттарға бөлінеді.

Философиялық білімнің түрлері:

1. Философия дүниетанымның түрі ретінде.
2. Философия табиғат, қоғам және ойлаудың ең жалпы заңдылықтары туралы ғылым ретінде.
3. Философия ғылыми танымның әдістемесі ретінде.
4. Философия қоғамдық сананың түрі ретінде.
5. Философия идеологияның түрі ретінде.

3 Дәріс. «Болмыс мәселесі. Онтология және метафизика»

Онтология грек тілінен аударғанда онтос - болмыс, логос – ілім, яғни болмыс туралы ілім болып табылады. Болмыс - тарихи қалыптасқан кең мағыналы, терең ауқымды философиялық ұғым. Әр заманда өмір сүрген ойшылдар бұл ұғымды көбінесе жүйелі философиялық толғаныстардың бастапқы негізі деп қараған. Осы уақытқа дейін де болмыс туралы бұл көзқарас өз мәнін сақтап келеді. Болмыс туралы философиялық мәселені түсіну үшін ең алдымен оның адамзаттың шынайы өмірінде қандай түбегейлі орын алатынын ұғыну қажет.

Адамның дүниеге қатынасының негізінде қандай құндылық жатса да, оның бастамасы - болмыс. Мәнділік жөнінде айтқанда не нәрсенің болса да дүниеде болу жолы немесе тәсілі оның негізін құрайды дегенбіз. Болу жолдары және сан алуан құндылықтар - бәрі де ең алдымен жалпы болуға тиіс. Онда болмыс деген не нәрсе? Бұл сұраққа оның барлық формаларының мазмұнын ашу арқылы ғана жауап беруге болады. Болмыстың нақты, жеке формаларының бәріне ортақ жалпы қасиет, ол – «болу», «бар болу». Бұл түсінік адамның айнала қоршаған ортаны біртұтас әлем есебінде танып-білуге ұмтылуынан туындаған.

Болмыстың негізгі түрлерін ажыратуға болады: 1) табиғат болмысы немесе заттар (денелер) және процестер болмысы, ол өз кезегінде табиғат заттары мен процестері және адамдар жасаған заттар, процестер болмысына бөлінеді; 2) адам болмысы, ол заттар дүниесіндегі адам болмысына және адамның өзіндік болмысына жіктеледі; 3) рухани (идеялық) болмыс; 4) әлеуметтік болмыс, бұл да өз алдына қоғамдағы және тарихи процестегі жекелеген адам болмысына және қоғам болмысына бөлінеді;

Материя ұғымы – дүниені адамның санасынан тыс, әрі тәуелсіз объективті шындық деп қарайтын материалистік дүниетанымның түп қазығы, мән-мағынасы болып табылатын негізгі ұғым. Субстанция (латынша – түп негіз, мән деген сөзден шыққан) деп атады. Субстанция алуан түрлі заттардың, құбылыстардың, процестердің өмір сүруінің, олардың ішкі бірлігінің негізі деп қаралды.

Объективтік дүниеде үнемі қозғалыста болатын материядан басқа ештеңе де жоқ. Қозғалыс – материяның ажырамас, мәнді қасиеті, атрибуты, өмір сүру тәсілі. Ол да материя сияқты жоқтан бар болмайды, жоғалып кетпейді. Қозғалыс дегеніміз – кез келген өзара әсер, өзара байланыс, кез келген өзгеріс.

Кеңістік пен уақыт қозғалыс сияқты материяның ішкі ажырамас (атрибуттық) қасиеттері, өмір сүру формалары болып табылады. Кеңістік үш өлшемнен – ұзындық, ен және биіктік өлшемдерінен тұрады. Бұл өлшемдер тек заттарға ғана емес, процестерге де тән. Уақыт бір өлшемді. Уақыттың ағымы өткеннен қазіргі келешекке бағытталған белгілі бір заманның өзінді бір белгілер басқа заманда қайталанып та отырады. Бірақ негізінде уақыт қайта оралмайды, кері жүрмейді.

Философия тарихында онтология алғашқы кезде метафизика деп аталды. «Метафизика» деген сөз «физикадан кейінгі» дегенді білдіреді. Бұл термин біздің заманымызға дейінгі 1 ғасырда енгізілген. Аристотель мұрасын зерттеген грек философы Родос Андроник (б.з.д. 384 - 322 ж.ж.). Аристотель физика туралы трактаттарды ұстанған өмірдің мақсаты мен себептерін сипаттайтын трактаттарды қалай тағайындауды білмей, Андроник оларды жай «Физикадан кейін» деп атады.

Айналадағы әлемді зерттей отырып, классикалық философия физикалық құбылыстардан тыс не бар, оны түсіндіруге тырысады. 18-ші ғасырға дейінгі «метафизика» ұғымы «онтология» ұғымынан гөрі кеңірек, ол «философия» ұғымына тең болды. Онтология ұғымы, бір жағынан, «метафизика» түсінігінен гөрі кеңірек деп айтуға болады, өйткені ол философияның физикалық құбылыстарды зерттеуге бағыттайтын салаларды сипаттайды, екінші жағынан, ол «метафизика» ұғымынан тар, өйткені оған таным теориясы кірмейді.

Метафизика «философиялаудың ескі әдісі» ретінде 19 ғасырдың аяғынан бастап сынға ұшырады. Кант Юмнен кейін метафизикалық сұрақтардың түбегейлі шешілмейтіндігін растайды. О.Конт оны ғылыми көзқараспен ауыстыру керек деді. Мұны философиялық архаизмдер санатына жазуға болады. Бірақ соңғы кездері оны жаңа мағынамен толтыру үрдісі байқалады: метафизика көбінесе қазіргі философияда адам рухы тудыратын физикалық емес құбылыстар туралы ілім, мәдениеттің не екенін түсіндіретін теория ретінде қарастырылады.

4 Дәріс. «Сана және тіл»

Сана – объективті дүниенің бейнесі. Бейнелеу - жалпы материяның қасиеті. Бейнелеудің негізінде бір құбылыстың екінші құбылысқа, бір дененің екінші бір денеге жасайтын ықпалы жатыр. Мәселен, жүріп бара жатқан адамнан із қалады, із бейнелеуге жатады. Күннен, желден, ыстық пен суықтан, жаңбыр мен қардан жартас бұзылып, үгітіліп, қиыршық құмға айналады. Сана-сезім (өзіндік сапа) . Сана белгілі бір дәрежеде – сана-сезімге айналады. Сана-сезім - өзін-өзі сезініп, ұғыну арқылы жететін сананың ең жоғарғы сатысы. Сана-сезім дегеніміз – адамның өзін-өзі ойлай алатын, сезе білетін, әрекеттенетін субъект ретінде түсіне бастауы. Сана және тіл. Тағы адам өзін табиғаттан бөліп қарай алмайды. Саналы адам бөліп алады. Сана өзінің шығуы жағынан екінші. Бірақ сана енжар емес, белсенді, пәрменді рөлі бар құбылыс. Оның белсенділік – бейнелеуді таңдай алады, келешекті болжай біледі. Сана дүниені бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар оны өзгертеді, қолдан жасайды.

Сана мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Сана мен тіл бір-бірімен адамның психофизикалық элементтердің күрделі жиынтығы арқылы өзара әрекеттеседі. Тіл

көбінесе адамның ойлау, қарым-қатынас және өзін-өзі көрсету құралы ретінде қызмет ететін белгілер жүйесі ретінде анықталады. Осы жүйенің арқасында қоршаған әлемді тану, сонымен бірге тұлғаның қалыптасуы жүзеге асырылады. Философиядағы сана мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты, оларды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Зерттеулер көрсеткендей, сауатты сөйлеу логика заңдылықтарына бағынады және адам санасының ажырамас бөлігі болып табылады. Тіл - бұл ақпаратты сақтау мен берудің белгілі бір құралы ғана емес, сонымен бірге адамның мінез-құлқын бақылау құралы, өйткені оны адамның қимылдары мен мимикасынан ажырату мүмкін емес. Тіл - ойдың, сананың тікелей қызметі. Сана тіл арқылы қалыптасады. Біздің ойларымыз тілімізге сәйкес қалыптасады. Тіл арқылы қабылдау мен бейнелеуден тұжырымдамаларға өту процесі жүреді. Тіл арқылы бәрі де айқын бола бермейді. Адам жанының құпиялары соншалықты терең, оларды қарапайым тілмен жеткізу мүмкін емес, сондықтан адамға өлең, музыка және символдық құралдардың барлық арсеналы қажет.

Платон, Гераклит және Аристотель сияқты ойшылдар сана, ойлау және тіл арасындағы байланысты зерттеді. Ежелгі Грецияда сана мен тіл тұтастай қабылданған. Бұл «логос» деген түсінікте өз көрінісін тапты. Ол «ой сөзбен ажырамас бірлікте» дегенді білдіретін тұжырымдамада көрінеді. 20 ғасырдың басында «тіл философиясы» деп аталатын жаңа бағыт пайда болды. Бұл ілім бойынша сана адамның дүниетанымына, сөйлеуіне, т.б. әсер етеді. Осы қозғалыстың негізін қалаушы философ Вильгельм Гумбольдт.

Қазіргі философия адамның ойлауының, тілдің және танымының байланысын зерттеумен айналысады. Сонымен, 20 ғасырдың басында лингвистикалық философия пайда болды, ол тілдің құрылымы мен ойды зерттейді. Диалектикалық философия бұл екі ұғымды тарихи және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады. Бұл көзқарас бойынша, тілдің дамуы әр адамның санасының дамуының көрінісі болып табылады.

5 Дәріс. «Таным және шығармашылық»

Таным процесінде рационалды операциялар мен қатар иррационалды процестер жүреді. Иррационалды операцияларды адамның еркі мен санасынан тәуелсіз әрекет ететін мидың әртүрлі бөліктері жасайды. Танымның иррационалды тетіктерінің ерекшелігі неде? Олар не үшін қажет, олар таным процесінде қандай қызмет атқарады?

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін интуиция мен шығармашылықтың не екенін білу керек. Реалды өмірде адамдар тез өзгеретін жағдайларға тап болады. Сондықтан, қабылданған мінез-құлық нормаларына негізделген шешімдермен қатар, стандартты емес шешімдер қабылдауға тура келеді. Мұндай процесс әдетте шығармашылық деп аталады.

Платон шығармашылықты құдайлық қабілет, ақылсыздықтың ерекше түріне ұқсас деп санады. Христиан дәстүрі шығармашылықты адам бойындағы құдайдың ең жоғарғы көрінісі деп санады. Кант шығармашылықты данышпандықтың ерекшелігі және ол рационалдылыққа қарама-қарсы деп санады. Канттың көзқарасы бойынша ғылым - бұл ең жақсы таланттың тағдыры, бірақ ұлы пайғамбарларға, философтарға немесе суретшілерге қол жетімді шынайы шығармашылық әрдайым генийдің тағдыры болып табылады. Экзистенциалды философтар шығармашылыққа ерекше және үлкен мән берген. Психоанализ өкілдері, әсіресе Фрейд, Юм және Кретчмер, шығармашылықты толығымен бейсаналық шеңберге жатқызған және оны рационалды танымға сәйкес еместігін мойындаған. Шығармашылық тетіктері әлі де жақсы түсінілмеген. Дегенмен, шығармашылық адам эволюциясының жемісі деп сеніммен айтуға болады. Жоғары жануарлардың мінез-құлқында, қарапайым формада болса да, шығармашылық әрекеттері байқалады. Көптеген әрекеттен кейін егеуқұйрықтар күрделі лабиринттен шығудың жолын табады. Мылқау адамдардың тілін зерттеген шимпанзе бірнеше жүзден астам сөздерді біліп қана қоймай, кейде олар бөлек, мүлдем жаңа сөйлемдер құрады.

Шығармашылық механизмі, оның ерекшелігі неде қалыптасады? Бұл механизмдердің ішіндегі ең маңыздысы - интуиция. Демокрит және Платон сияқты ежелгі ойшылдар оны ішкі көру, ақыл-ойдың ерекше жоғары қабілеті деп санады. Декарт интуиция біздің санамызда пайда болған идеяларды анық көруге мүмкіндік береді деп сенді. Еуропалық философтардың кейінгі ұрпақтары интуицияны әртүрлі жолмен түсіндіргеніне қарамастан, оның табиғаты мен тетіктерін әлі де түсініксіз. Алайда шығармашылық қызметте жұмбақ ештеңе жоқ және ол ғылыми зерделеуге жатады. Ғалымдар мидың оң және сол жақ ассиметриясын ашты. Мидың оң және сол жақ жарты шарлары әртүрлі функцияларды атқарады. Оң жақ негізінен сезімдік суреттерге қатысты ақпаратты өңдейді және сақтайды, ал сол жақ абстракцияны жүзеге асырады, тұжырымдамаларды, пайымдауларды дамытады, ақпараттың мәні мен маңызын береді, логикалық, ережелерді қоса, ұтымды әзірлейді және сақтайды. Бір кезеңде шығармашылық және түйсігі барысында абстрактілі және сезімдік білім кенеттен біріктіріліп, қажетті нәтижеге жетелейді, бұрын болмаған білімнің мәні ашылады.

6 Дәріс. Білім, ғылым, техника және технологиялар

Білім беру - тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі; қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты; мақсаты - қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуында және олардың денесінің дамуында, кәсіптік біліктілігінде жоғары деңгейге қол жеткізу болып табылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі; жүйеге келтірілген білім, іскерлік дағды және ойлау тәсілдері көлемін меңгеру процесі мен нәтижесі. Білімділіктің басты өлшемі - білімнің жүйелілігі, ойлаудың жүйелілігі мен логикалылығы.

Білім беру жүйесінің басты міндеттері - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Біздің жас мемлекетімізде білім беру саласына, оның дамуына көп көңіл бөлінуде. Білім беру, оқыту жүйесі ғылымның негізінде жүзеге асырылады.

Ғылым - дүниетану, жалпы алғанда, рухани өндірістің қалыптасқан ерекше түрі. Оның өз мекемелері, ғылыми қауымдастықтары, зерттеу жабдықтары, ақпарат алмасу, қаржы орталықтары т.с.с. бар. Ғылымның негізгі мақсаты - адамзат қажеттіліктерін өтеу жолында соған керек білімді өндіріп, оны іс жүзінде өмірде пайдалануға болатындай етіп, қайта өзгерту. Екіншіден, барлық ғылым салаларынан шығатын деректер мен теориялардың басын біріктіріп, олардың өзара байланыстарын анықтап, «Дүние жөнінде ғылыми сурет» жасау болмақ. Соңғының негізінде адамдардың дүниеге деген көзқарасы қалыптасады.

Бүгінгі таңдағы қоғамда «технология» деген ұғымы көп пайдалануда. Қарапайым сананың деңгейінде «техника» мен «технология» ұғымдары бір мағынада қолданылады. Алайда бұл ұғымдардың бір-бірінен айырмашылығы бар екенін байқаймыз. Егер техникаға неше түрлі заттардан жасалған құралдарды жатқызсақ, технологияға белгілі бір жасанды затты, я болмаса құбылысты жасау жолындағы әдістерді, олардың бірінің соңынан бірі келетін тәртібін айтамыз.

Технология ұғымының өрісі жыл сайын кеңейе түсуде. Ол өндірісте ғана емес, қоғамның басқа салаларында да қолданылады. Бүгінгі таңда саясатта «пиар-технология», қоғамдық пікірді қалыптастыру жолында «ақпараттық технология», білім беру жүйесінде «педагогикалық технологиялар» т.с.с. кең етек алууда.

Ғылыми жетістіктерге таңырқап, сүйсіне қараған ойшылдар болашақта адамзаттың барлық қайшылықтары ғылымның даму негізінде шешіледі деген көзқарас ұстады. Бұл сциентистік (scientia - лат. сөзі, ғылым), я болмаса техно-оптимистік көзқарас болып табылады. Алайда, XX ғ. 70 жж. бастап ғылым мен техниканың теріс жақтары да

айқындалып, (қоршаған ортаның бұзылуы, климаттың өзгеруі, адамның техника құлына айналуы т.с.с.) көрсетіле бастады. Антисциенттік, техно-пессимистік бағыт ұстаған ғалымдар қазіргі ғылымды «құмырадан шығып кеткен жынға» теңеп, «енді әрі қарай жаңа өндіріс кешендерін салуды тоқтату керек, әйтпесе жердегі тіршілік оған шыдамай құрып кетеді» деген пікір айтты. Сонда әрі қарай не істеу керек деген заңды сұрақ туады. Қазіргі заманда ғылым мен техниканың дамуын тоқтату мүмкін емес, бірақта, сонымен қатар, оларды дұрыс пайланып, тек жақсы жақтарын ғана алуымыз қажет.

7 Дәріс. «Адам»

Адам мәселесі, оның ішінде шығу тегі, мәні табиғаттағы орны және қоғамдық өмірдегі рөлі мәселелері фундаменталдық философиялық тақырыптардың бірі болып табылады. Философия пайда болғаннан қазіргі уақытқа дейін адам оның басты назарында болды, ал бүгінгі күндері адам әрекетінің әр түрлі қырларын зерттеуді негізгі мақсат тұтатын өзге де ғылыми салалар пайда болады.

Ежелгі Қытай философиясы да адам туралы өзіндік ілімқалыптастырады. Оның ең көрнекті өкілдерінің бірі Конфуций болып табылады. Оның түпкі тұжырымы ретінде «аспан» концепциясын алуға болады, өйткені ол әлем мен адам дамуын анықтайтын тек табиғат бөлігі ғана емес, жоғарғы рухани күшті де білдіреді.

Демокрит-адам туралы ілімдегі материялистік моноизмнің өкілі. Демокрит бойынша, адам табиғаттың бөлігі, табиғат сияқты ол да атомдардан тұрады. Адамның жаны да атомдардан құралады. Платон бойынша, адам өмірінің мәңгі трагизмі жанның тұтастығында және жан мен тәннің қарама-қарсылығында.

Аристотель концепциясында адам қоғамдық, мемлекеттік, саяси деп қарастырылады. Және адамның бұл әлеуметтік табиғатты оны жануарлардан да, «адамгершілік тұрғыда жетілмегендерден» де, «жоғарғы адамнан» да ерекшелендіреді.

Ортағасырларда адам ең алдымен құдай бекіткен әлемдік тәртібінің бөлігі ретінде қарастырылады. Ортағасырлық христиандық философияның көрнекті өкілі Аврелий Августиннің пікірінше, адам- бір-біріне тәуелсіз жан мен тәннің қарама-қайшылығы. Алайда, тек жан ғана адамды адам ете алады.

Ж.Ламертидің «Адам- машина» деп аталатын жұмысында механистік материализм көз қарасы негізделді. Ол бойынша, тек біртұтас материалдық субстанция ғана өмір сүреді, ал адам ағзасы сағат тетігі тәрізді дербес оталатын машина. Канттың пікірінше, адам бір жағынан табиғи қажеттілікке жатса, екінші жағынан адамгершілік еркіндік пен абсолюттік құндылықтарға жатады. Сезімдік әлемнің құрамдас бөлігі ретінде ол қажеттілікке бағынса, ал руханилықтың тасымалдаушысы ретінде ерікті.

Гегельдің антропологиялық концепциясы, оның бүкіл философиясы сияқты рационализммен тұнып тұр. Адамның жануардан артықшылығының өзі, ең алдымен адамзатқа оның аамдығы туралы хабар беретін ойлауында.

Экзистенциализм, ең біріншіден, индивидуалады адам өмір сүруінің шынайылығына мазасызданды. Ол еркіндікті табиғилықтан да, барлық тұлғасыз күштерден де іздейді. Алдыңғы орынға сезім, бірақ жай ғана сезім емес, сезіну, аландау, мазасыздану үдерісі шығады.

Дара адам (индивид) – көптің бірі, жалпы адамзаттың нақты өкілі, дара. Көптің бірі болу үшін оған жалпы адамзатқа тиісті қасиеттер мен келбетке ие болса болғаны. Оның санасы жоғары ма, жоқ па, елмен сөйлесе ала ма, әлде сөйлесе алмай ма, бұлардың оған қажеті аз. Әлемде қанша миллиард адам бар, соның әрқайсысы – жеке-дара адам.

Ерекшелікті адам (индивидуальность). Ол - өзіндік, тек соған тән дауысы, жүріс-тұрысы, білімі, бет пішіні, түр-сипаты, азаматтық қасиеті, т.б. бар адам. Ерекшелікті адам

– сол қасиеттермен қайталанбас феномен. Ол дүниеге бір-ақ рет келеді, әркімнің орны бөлек.

Кісі, тұлға, жетілген кәмелетке жеткен адам. Жас нәресте де, бала да – адам. Олардың нақты ерекшеліктері бар. Бірақ олар кісі болған жоқ, кәмелетке жетпеген. Кісі деп ер жеткен, бұғанасы қатқан, ақылы толған, өз ісіне өзі жауап бере алатын адамды айтады. Ондай адамның дүниеге көзқарасы бар.

Кісі дегеніміз – жаңа сапалы, индивидтің өзімен бірге іштен тұмаған, белгілі тарихи-мәдени ортада өтетін өмір барысында қалыптасатын әлеуметтік-психологиялық және моральдық қасиеттер қосындыларының иесі, ақиқатты, болмысты тануға және өзгертуге бағытталған жасампаз әрекет субъектісі.

Әлеуметтану индивидке сырттан еріксіз танылатын жай емес, керісінше, оның белсенді араласумен, өзінің қимылы мен мінез-құлқын, қоғам талабына лайықтап, үнемі дұрыс жолға салып, өзгертіп отыруы арқылы іске асады.

8 Дәріс. «Өмір және өлім. Өмірдің мәні»

Қоғамда шешуші факторы адам. Қазіргі қоғамның даму саясатының жетістіктері де, қиындықтары да, сәтсіздіктері де жеке адамның бойынан көрініс табады. Адам проблемасының бір қыры – адам өмірінің мәні. Адам дүниеге не үшін келеді? Адам өмірінің мәні бар ма? Өмір не, өлім не? Осы тектес экзистенциалдық сауалдар талай ғасырлар бойы адамзат қоғамының адамынан бастап, ғұлама ойшылдарына дейін мазалап келе жатыр, олардың «мәңгілік» сұрақтар аталуы да сондықтан. Өмірдің мәні туралы сұрақтар өзіне қоя білу және оған жауап таба білу – әрбір адамның өмірін, оның болмысын анықтаушы белгісі. Өмірдің мәні туралы ойланбайтын адамды кездестіру қиын, әрбір адам саналы түрде немесе санадан тыс осы мәселені шешуге тырысады, бірақ бұл өте күрделі міндет.

Осындай қиын сәттерде адамға көмек бере алатын ғылым – философия. Ол адам туралы өзінің ғасырлар бойы жинақталған философиялық антропологиялық бай мұрасына сүйене отырып, оның ақыл ойға ие тіршілік етуші ретінде жұмбақ табиғатының ерекшеліктерін ашып көрсетуге және өмірге келгендегі басты мақсатын түсіндіруге тырысады, өмірдің нағыз мәніне жеткізер жол сілтейді, сол арқылы қазіргі заман адамының экзистенциалдық вакуумнан шығуына көмектеседі.

Қазақ халқының адам өмірінің мәні туралы адмгершілік философиялық толғаныстарға толы вербадьді дискурстік рухани мәдеиетінен таба алады. Оның өмірмәндік мазмұны арнайы ғылыми зерттеу объектісіне айнала қойған жоқ, бұл тұжырымды әсіресе қазақ философиясының бастауы – қазақ ауыз әдебиеті, оның эпос, қара өлең, қоштасу, жоқтау, ақындық, жыраулық, шешендік өнер және тағы басқа түрлеріне қатысты айтуға болады.

Қазақ ойшылдарының шығармаларын зерттеп қана қоймай, тұлғалық сипаттарына, трагедиялық тағдырларына тереңірек үңілу қазіргі адамға ой салып, өміріне сабақ болар еді.

Бір сөзбен айтқанда өмірмәндік мәселе адамның ақырғы шешімі жоқ өмірлік серігі. Адам бұл мәселенің қиындығынан қорқып, оны елемеуге тырысқан сайын немесе алдамшы шешім қабылдап, өзін де, басқаларды да өтірік алдарқатқан сайын, мәселеге ушыға түседі. Адам үшін ең басты құндылық, ең бағалы нәрсе – өмір. Өмір – адам тіршілігінің негізі, оның сан алуан қажеттіліктері мен талап тілектерін, мақсаттары мен жоспарларын жүзеге асыруының жалғыз, абсолюттік мүмкіндігі. Өмір болмаса адамның өзі де, өмірдің мәні туралы ойлары да, іс әрекеті де, қуаныш қайғысы да болмайды. Бұл пікірден бізге қажетті үш тұжырым туындайды: 1) Өмір туралы көбірек ойлан. 2) Өмір – баға жетпес құндылық, оған жететін ештеңе жоқ, сондықтан әр күнін бағалап өмір сүр. 3) Маңдайға жазылған өмірді гүлдендіруге, жандандыруға, мәнді өткізуге тырыс.

Өлім – адам өмірінің сыры. Оның өмірі қандай болса, өлімі де сондай болмақ. Философиялық тұрғыдан келсек, өлімнен қорқатын ештеңе жоқ. Адам өлемін деп емес, өмірді бағаламай, оған қызмет етіп үлгермей, соңында еш із қалдырмай өмір сүрдім деп қорқуы керек. Өлім алдындағы қорқынышты жеңдіретін адамның, оның өзінің мәнді өмірі ғана. Оның мәнін бұрынғы өткен өмірден іздеп, о дүниеден немесе болашақтан іздеп керегі жоқ, бұл жолдар бізді адастыру мүмкін. Өмірдің мәні мәселесін осы өмірден іздеп, қазіргі өмірімізді нағыз мәнмен толтырсақ қана шешеміз, сол арқылы өлім мәселесінің де шешімін таба аламыз. Біз өзіміз кеме секілді өз жолымызды мәңгіліктің мұхитына бағыттаймыз. Яғни, өзінің өмірін де, өлімін де мәнге толтыратын адамның өзі, оның ойлар мен өмірде атқарған істері. Адам өзінің адам атына сай өмір сүруі, адамшылығын, рухани бастауын үнемі жетілдіруі арқылы ғана мәңгілік өмірге жетпек, осындай адамның алдында өлім де дәрменсіз. Мәнді өмір ғана өлімді жеңе алады. Өміріне де, өліміне де мән беру жауапкершілігі адамның өзіне жүктеледі. Қазіргі жағдайда адам тек өз өмірі мен өлімі үшін ғана емес, бүкіл адамзаттың өмірі мен өлімі үшін жауапты.

Философиялық білімінің түрлері:

1. Философия дүниетанымның түрі ретінде.
2. Философия табиғат, қоғам және ойлаудың жалпы заңдылықтары туралы ғылым ретінде.
3. Философия қоғамдық сананың формасы ретінде.
4. Философия ғылыми танымның әдістемесі ретінде.
5. Философия идеологияның түрі ретінде.

9 Дәріс. «Этика. Құндылықтар философиясы»

Этика (грек. *ethos* – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын ежелгі теориялық пәндердің бірі. Этиканың құрылымы. Этика үш бөліктен тұрады: теориялық этика, нормативті этика, эмпириялық этика. Теориялық этика - этиканың негізгі ұғымдарын, оның зерттеу пәнін, ғылым ретінде даму тарихын зерттейді. Нормативті этика - негізгі этикалық категорияларды: мейірімділік пен катыгездік, ізгілік пен жауыздық, ар-ұждан, ұят, абырой, парыз және т.б. қарастырады.

Аксиология (гр. *axia*-құндылық және *logos*-ілім,сөз) – құндылық табиғатын философиялық тұрғыдан зерттеу. Аксиология философияда ХІХғ. Аяғы-ХХғ.басында философияның жалпы «құндылық проблемасына» қатысты кейбір күрделі мәселелерін шешуге тырысқан әрекет ретінде дүниеге келді. Құндылық проблемасы, барлық нәрсенің жаппай шешімінің сипатына ие болады және ерекше, ғылыми зерттеуден тыс,дүниеге көзқарастың өзіндік тәсілі деп есептеледі.

Аксиология үш түрдің құндылық теориялары болып саналады. Обьективті-идеалистік теориялар (неокантшылдық, Гуссерль феноменологиясының өкілдері М.Шелер мен Н.Гартман, неотомизм, интуитивизм) құндылықты кеңістік пен уақыттан тыс тұрғын одүниелік нәрсе ретінде түсіндіреді. Субьективті-идеалистік теориялардың логикалық позитивизмнің, эмотивизмнің, этикадағы лингвистикалық талдаудың, аффективтік – ерік теорияларын жақтаушылары У.Эрбаннның, Д.Проллдың, К.Льюистің және т.б. құндылық жақтастары құндылықты тек адамның немесе жалпы табиғат заңдарының табиғи қажеттерінің көрінісі ретінде қарастырады. Құндылықтың натуралистік теориясын (Мүдде теориясы, эволюциялық этика, космостық телеология этикасы) адамның табиғи қажеттерінің немесе жалпы табиғат заңдарының көрінісі ретінде түсіндіреді. Ғылыми түсіндіруде құндылық проблемасы универсализмнен арылған. Бұл проблеманың астарында ғылыми жолымен шешілетін алуан түрлі философиялық мәселелер жатыр.

Аксиологиялық аспект – құндылықтар табиғатын зерттеу – сонымен тек салыстырмалы дербес сипатқа ғана ие болып отыр. Әлемді рухани – практикалық игеру процесі барысында адам болмысты өз құндылықтары арқылы қарастырады. Адамның әлемге қатынасының ерекшелігі оның өзін және өзге адамдарды, қоршаған дүниедегі заттарды, құбылыстарды, процестерді қайырымдылық, әділеттілік, сұлулық, пайдалылық

және т.б. тұрғысынан бағалап, құндылықтар арқылы қарастыруымен сипатталады. Құндылықтық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну сияқты сезімдерді тұғызады. Олардың ішіндегі ең жоғарғысы – қасиеттерге табыну. Адамға қасиеттер, мейлі ол діни немесе діни емес зайырлық қасиеттер болсын, қажет. Бұл мәселе, әсіресе, қоғамның адамгершілік тұғырлары мен мәдени дәстүрлерінің құнсыздануы мен құлдырау кезінде өзектілігін байқатады.

Құндылықтар – қасиеттер. Қасиетсіз адам жануарға айналып кетеді. Оларға деген табынушылық қатынас бала кезден, ана сутімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Қасиеттер адам бойына моральдік жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындай түседі. Құндылықтық эмоцияның ең жоғарғы формасы – «жамандықтан» тазаруды білдіретін катарсис болып табылады.

Құндылықтарды танудағы ең қиын мәселе – нағыз құндылықтарды жалғандарынан ажырата білу. Ол тек теория жағынан алғанда ғана қиын. Біз ізгілік пен зұлымдықты ешқайсысына анықтама бермей – ақ ажырата аламыз. Тіпті барлығы зұлым болғанда да зұлымдықтың аты зұлымдық, ешкім қайырымды болмаса да қайырымдылықтың аты қайырымдылық. Тек қайырымдылық пен адамға қызмет ететін нәрсе ғана нағыз құндылық болып табылады. Құндылықтар өмір сүріп қана қоймайды, соны мен қатар бір бірімен салыстырыла отырып, өзіндік құндылықтық қатарды, құндылықтық сатына құрайды.

Әдебиеттерде құндылықтар жіктелуі әдетте былайша беріледі: витальді (өмір, денсаулық, игілік, экология және т.б.); әлеуметтік (әлеуметтік статус, әлеуметтік жағдай, байлық, отбасы, тәуелсіздік және т.б.); діни (Құдай, сенім, ғұрып, шіркеу және т.б.); моральдік (қайырымдылық, достық, сүйспеншілік, парыз, адалдық, әділеттілік және т.б.); эстетикалық (сұлулық, идеал, үйлесімділік және т.б.); саяси (заңдылық, мемлекеттілік, ата заң, азаматтық, бостандықтар мен құқықтар және т.б.). Осылайша құндылықтар жалпы динамика мен сипатталатын мәдени реттеушіліктің қозғалмалы саласын білдіреді.

10 Дәріс. «Еркіндік философиясы»

Еркіндік – адамның немесе жеке ұлттың, халықтың өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыру. Адамдар өз әрекетінің объективті жағдайларын қалауынша тандап алуға ерікті емес, алайда олар нақтылы және салыстырмалы еркіндікке ие. Жеке адам мен ұлттың еркіндік дәрежесінің артуы тұтастай алғанда қоғамның ілгерілеу үрдісінің өзекті өлшемі болады. Оның әлеуметтік кедергілерге қарсы күресі, жалпы алғанда, қоғамның алға басуының қуатты қозғаушы күші болып табылады. Адамдардың дүниедегі объективті жағдайды тандау еркіндігі болмағанымен, олар өзіндік мақсаттарды көздей алады және оған жетудің әр түрлі мүмкіндіктері қатарынан неғұрлым тиімді жолды ерікті түрде пайдаланады. Бірақ, бұл қоғамдағы жалпы объективті жағдай мен мүмкіндікке, субъектілердің (жеке адамның, әлеуметтік топтың, этникалық топтың) жаратылыс заңдары мен қоғам заңдылықтарын игеру қабілетіне және басқаларына байланысты. Әлемдік философияда еркіндік туралы бір-біріне қайшы көзқарастар қалыптасқан. Гегель еркіндікті субъективті рухпен, Фейербах адамның өзінің ерекшелігімен байланыстырса, дін оны адамдардың құдайға құлшылық етуімен, экзистенциалистер адамның психикалық актілермен байланыстыра қарастырады. К.Маркс еркіндік мәселесін қажеттілікті және заңдылықтарды білумен, оны игерумен байланысты түсіндіреді. Ф.Энгельс өзінің «Анти-Дюринг» атты еңбегінде еркіндік әлдебір нәрседен тәуелсіздік нышаны емес, керісінше, ол адамның жаратылыс күштеріне, қоғамдық қарым-қатынастарға және өз болмысына үстемдігі дейді. Еркіндік – нақты және салыстырмалы ұғым. Мысалы, адам әртүрлі жағдайларға байланысты еркін болады немесе одан мүлдем айырылады. Ол өмірдің бір саласында өзін еркін сезінгенімен, өзге бір салада оған жете алмауы да мүмкін. Сол секілді жеке адамның және ұлттың еркіндік дәрежесі де әр түрлі.

Мұның өзі қоғамдағы өндіргіш күштердің дамуына да тікелей қатысты. Сонымен қатар ол әлеуметтік, этникалық топтардың, жекелеген адамдардың еркіндігін айқындайтын қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымына да тәуелді. Әр адамның, әр ұлттың еркіндік дәрежесін олардың табысы мен меншігінің көлемі ғана емес, сонымен бірге олардың материалдық және рухани игіліктерді өздерінің таңдауы мен орынды жұмсай алу мүмкіндігі анықтайды. Саясатта еркіндік мәселесі ұлттың құқықтық мемлекет құру идеясымен байланысты. Кез келген қоғамдағы жеке адам мен ұлттың еркіндік дәрежесі, ең алдымен, билік жүйесіне, оның түрлеріне (деспоттық, либералдық-демократиялық т.б.) байланысты болып келеді. Либералдық-демократиялық басқару моделінің саяси еркіндік саласындағы негізгі принципі – жеке адамдардың үстемдігі емес, ең алдымен заңның үстемдігі. Жеке адам мен ұлт еркіндігінің шектелуі әр түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты. Мысалы, тоталитарлық, авторитарлық жүйелердің үстемдігі, яғни демократиялық құқыларға, саяси бостандықтарға қысым жасалуы, сондай-ақ, материалдық жоқшылық, рухани жұтандық, шектен тыс эгоизм және т.б. Шынайы еркіндік – адамдар арасындағы мәдени қарым-қатынастардың кепілі. Оның ғылыми мәні мен мазмұнын әрбір азаматтың айқын түсінуіне қол жеткізу ұлттық идеология мен саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

11 Дәріс. «Өнер философиясы»

Эстетика – адамның дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып-түсіну заңдылықтары туралы, әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ғылым. Эстетика ғылым ретінде осыдан 5 мың жыл бұрын – Мысырда, Вавилонда, Үндістанда және Қытайда дүниеге келіп, ежелгі Грекия мен Римде кеңінен дамыған. Аристотель, Эпикур т.б. өз еңбектерінде сұлулықтың объективті негізі – шындық өмірдің заттық қасиеттерінде, қатынастарында, заңдылықтарында деп білді. Ал Платонға сәйкес, сұлулық дегеніміз абсолюттік мәңгілік және өзгермейтін, сезімнен тыс идея, өнер туғызатын сезім ірімдері осы идеяның көрінісі ғана болып табылады. Қайта өрлеу дәуірі ойшылдарының, жазушыларының, сүретшілерінің (Ф.Петрарка, Леонардо да Винчи, А.Дюрер т.б.) еңбектерінде адамгершілік сипаттағы реалистік бағыттар дамыды. Ағарту дәуірінің теоретиктері (Дидро, Руссо, Лессинг, Гердер) өнердің шындық өмірмен байланысын орнықтырды. Кант сұлулықты пайдаға, көркемдік форманың толымдылығын – идеялық мазмұнға қарсы қойып, формалистік эстетиканың дамуына ықпал етті. Гегель өнерді абсолюттік рухтың бірінші және жетілмеген формасы ретінде айқындады. Фейербах сұлулықты тікелей заттар мен құбылыстардың физикалық қасиеттерінен, эстетикалық сезімдерді биологиялық заңдылықтарымен байланыстыруға тырысты. Орыс демократтарының (Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов) еңбектерінде реалистік өнер, заңдылық, өнердің идеялылығы мен халықтығы принциптерін жасау, т.б. мәселелер де көтерілді.

Қазіргі философия ғылымында эстетика мәселесі мен міндеттері көбінесе мына жәйтпен айқындалады: адамның дүниені эстетика тұрғыдан ұғынып-түсінуі бір-бірімен байланысты үш нәрседен тұрады: 1) объективті шындықтағы эстетикалық ұғым. 2) субъективті эстетикалық ұғым (эстетикалық сана). 3) өнер (субъективті және объективті эстетикалық ұғымдардың бірлігі ретінде).

Эстетика дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып-түсінудің объективті негізін адамдардың қоғамдық мәнісін және табиғат пен қоғамды өзгертуге бағытталған жасампаздық күштері ашылатын олардың шығармашылық қызметінің іс жүзіндегі көрінісі ретінде анықтайды. Негізгі эстетикалық категориялар – сұлулық пен сұрықсыздық, асқақтық пасықтық, трагедия және комедия болса, олар қоғамдық байланыста, адам өмірінің әрбір саласында – өндірістік-еңбек пен қоғамдық саяси қызметте, табиғатқа көзқараста, мәдениет, тұрмыста дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып түсінудің көрінісі ретінде байқалады.

Эстетика тұрғыдан ұғынып-түсінудің субъективті жағы – ішкі сезімдерді, талғамдарды, бағалауды, күйзелісті, идеяларды, мұраттарды эстетиканы объективті өмірлік процестер мен қатынастарды көрсете бейнелеудің өзіндік формасы ретінде қарастырады. Эстетика өнердің мәнісі мен оның заңдылықтарын зерттей отырып, арнаулы, теориялық және тарихи ғылымдармен және өнер туралы ғылымдармен тығыз байланыста дамыды. Бірақ эстетика – негізінен философияның бір саласы. Ол адамның ақиқатқа эстетикалық қатынастарының жалпы заңдылықтарын зерттейді, ал өнер зерттейтін ғалымдар өнердің ерекшелігіне назар аударады. Эстетика өнердің табиғаты мен көркем шығармашылық процесінің түрлі жағын: өнердің шығу тегін оның мәнісін және қоғамдық сананың басқа формаларымен байланысын, көркем образдың ерекшеліктерін, өнердің мазмұны мен форманың өзара байланысын, көркемдік әдіс пен стильдің маңызын, т.б. ғылыми тұрғыдан ашып көрсетеді.

12 Дәріс. «Қоғам және мәдениет»

Қоғам кең мағынада табиғаттан оқшауланған және адамдардың өмірлік әрекетінің тарихи дамып келе жатқан формасын білдіретін материалдық әлемнің бөлігі ретінде түсініледі. Тар мағынада қоғам - бұл жеке, жеке қоғам (мысалы, ағылшын, кеңестік, қазақстандық).

Қоғам мен адам құбылыстарын түсіндіруге натуралистік көзқарас. Бұл көзқарас тұрғысынан қоғам табиғи және космостық заңдардың табиғи жалғасы ретінде қарастырылады (А.Ш.Монтескье, Л.Мечников, А.Чижевский, Л. Гумилев). Қоғамның діни түсініктері. Олардың мәні - болашақ өмірде құдаймен лайықты кездесу үшін жағдай жасау. Бұл идея көбінесе христиандықта айтылады, мұнда жердегі өмір тек мәңгілік өмірдің бастамасы ретінде қарастырылады. Идеалистік тұжырымдамаларда қоғамның мәні идеядан, рухани ұстанымнан көрінеді. Мәселен, Гегельдің философиясында абсолютті рух адамзат тарихындағы «еркіндік санасында» көрінеді.

Қазіргі философия қоғамды көптеген түрлі бөліктер мен элементтерден тұратын күрделі жүйе ретінде қарастырады. Сонымен қатар, бұл бөліктер мен элементтер бір-бірінен оқшауланбайды, керісінше бір-бірімен тығыз байланысты, үнемі өзара әрекеттеседі, сондықтан қоғам біртұтас тұтас организм, біртұтас жүйе ретінде өмір сүреді. Басқа табиғи жүйелерден, физикалық және биологиялық тұрғыдан алғанда, қоғам ерекше күрделілігімен ерекшеленеді. Қоғам біртұтас жүйе ретінде келесі бағыттарға бөлінеді: экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани. Бұл бөлінудің негізін адам қызметінің төрт маңызды түрі құрайды (материалдық, рухани, саяси, әлеуметтік).

Мәдениет қоғамдық өмірдің феномені ретінде көптеген ғылымдар үшін зерттеу объектісі болып табылады. Оны тарих және эстетика, психология және әлеуметтану, археология, этнография зерттейді. Философия мәдениетті зерттейді, бірақ оны әлеуметтік өмірдің біртұтас және көп өлшемді құбылысы ретінде қарастырады. Философия мәдениеттің не екенін, оның тарихи процестегі орны және адамның өміріндегі рөлі сияқты сұрақтарға жауап іздейді. Философия мәдениеттің мәні мен оның қоғамдық өмірдегі рөліне қатысты жалпы проблемаларға қызығушылық танытады. философия тарихында мәдениеттің әртүрлі аспектілері бөлініп, зерттелді. «Мәдениет» термині латын тілінен аударғанда «өңдеу», «құрметтеу» деген мағына білдіреді. Мәдениеттің негізі - адамның іс-әрекеті оның әлемде өмір сүруінің негізгі тәсілі. Алайда, мәдениет адамның тіршілік әрекеті ғана емес, сонымен бірге оның объективті жүзеге асуы, сонымен қатар оны құрушы ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынас. Мәдениет - бұл жаңа мәдени құбылыстарға жол беретін, туып, өмір сүретін және өлетін күрделі әлеуметтік организм. Мәдениет - бұл адамның іс-әрекеті ғана емес, ол оның объективті көрінісі, адамдар арасындағы қатынастар. Мәдениет - адам жасаған әлем. Бұл адамның «екінші табиғаты». Мәдениет - бұл адамның жаратушысы ретіндегі жоспарына сәйкес жасалынатын өте

күрделі шындық. Бұл адамзаттың барлық жетістіктері. Негізінде, мәдениет материалдық және рухани болып бөлінеді.

Өркениет адамзат тарихындағы белгілі бір ірі дәуір, адамның қайраткер және жасаушы ретіндегі дамуындағы кезең. Мәдениет дегеніміз - рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығында көрінетін белгілі бір тарихи дәуірдің мазмұны. Әрбір өркениеттің өзіндік мәдениеті бар. Н.Бердяевтің көзқарасы бойынша өркениет сыртқы, ал мәдениет - адамның ішкі әлемі. «Өркениет» ұғымының негізгі тұжырымдамалары: локалды-тарихи (Н.Я. Данилевский, А. Тойнби, Х. Уайт); тарихи-стадиалдық (В. Ростов, Д. Белл, О. Тоффлер, Н. Кондратьев); дүниежүзілік-тарихи (К. Ясперс, Л. Васильев). Шығыс және батыс мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Шығыс пен Батыс - адамзат мәдениетінің бағыттары, олар бір уақытта әртүрлі жолдармен дамып келеді.

13 Дәріс. «Тарих философиясы»

Тарих философиясы тарихи процесті тұтасымен түсінуге және тарихи танымның әдістемелік мәселелерін талдауға бағытталған философиялық білім құрамындағы бағыт. Тарих философиясы тарихи шындықты, тарихтың мәні мен мақсатын, тарихтың негізгі қозғаушы күштері мен олардың әрекет ету тетіктерін, тарихи қажеттілік пен адам еркіндігінің арақатынасын, тарихтың бірлігі мен алуан түрлілігін, т.б. қарастырады.

Қоғам дамуының тарихи процесі әрқашан философтардың ой-пікірлерінің маңызды тақырыбы болған. Философиялық және тарихи ойдың жарқын мысалдары - антикалық (Полибий), Ежелгі Қытай (Сыма Цян), ортағасырлық (Августин) мәдениеттерінде ұсынылған, дегенмен Тарих философиясының классикалық формалары ХУІІІ-ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы еуропалық философияда пайда болды. «Тарих философиясы» терминін ең алғаш Вольтер енгізген. Ағартушылық қайраткерлері Тюрго пен Кондорсе тарихтың мәні ретінде прогресс тұжырымдамасын жасады. Гердер бүкіл адамзаттың тарихи дамуының біртұтастығын дәлелдейтін әлемдік тарихты біртұтас процесс ретінде түсіндіруге тырысты.

Гегель тұжырымдамасы тарихи процесті провиденциалды рационалдылық ретінде көрсетеді. Сыртқы хаос пен ақылсыздықтың артында жасырылған тарихтың ақылдылығы тек философиялық көзқарас арқылы ашылады. Тарих туралы Гегель тұжырымдамасының алыпсатарлық сипаты, оның нақты тарихи материалдан оқшаулануы ХІХ ғасырдың ортасында сын тақырыбына айналды.

Марксизмнің әлеуметтік тұжырымдамасына сәйкес тарих өзінің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын адамның практикалық іс-әрекетімен қалыптасады. Тарихтың негізі - қоғамның өндіргіш күштерінің дамуы. ХІХ ғасырдағы тарихи білімнің қарқынды өсуі тарихты түсінуге философиялық және алыпсатарлық көзқарасты жоққа шығарды, Тарих философиясы тарихи ғылымның философиясына айналды. Атап айтқанда, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында неокантиандық тарих философиясы (Виндельбанд, Рикерт) кеңінен қолданылды.

Тарихи білімді логикалық ұйымдастыру мәселелері тарихтың аналитикалық философиясында басты орын алды (Поппер, К. Хемпель). Ірі тарихи апаттар жағдайында тарихтың мәнін нақтылау қажеттілігі ХХ ғасырдың бірінші жартысында көрініс тапты. Бұл кезде Шпенглердің «мәдениет морфологиясы», Ясперстің «осьтік уақыт» түсінігі, Тойнбидің үлкен тарихи синтезі пайда болды.

ХХ ғасырдың екінші жартысында тарихтан тарихи сананы бөлу тән болды: біріншіден, қазіргі заманғы тарих ғылымында жиналған нақты материал соншалықты кең және әртүрлі бола бастады, сондықтан тарихи процестің бірыңғай моделін жасау мүмкін емес болды. Екіншіден, қазіргі заманғы тарих ғылымы әдіснамалық мәселелерді талдауды философияға жүгінбей тиімді жүргізеді.

14 Дәріс. «Дін философиясы»

Ғылым мен техниканың дамуына, адамзаттың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына толыққанды жағдай жасаған XX ғасыр да тарих қойнауына енді. Өте ерте заманда-ақ пайда болған дін әлі күнге өз позициясын адамзат санасының басқа түрлерінің алдында бермей келеді. XXI ғасырда түрлі конфессиялар мен діни ұйымдар ойдағыдай әрекеттесуші институттар ретінде өркениеттің бір саласы болып өмір сүре бермек. Діннің тұрақты сақталып келе жатқаны факт болып табылады.

Дін мен қоғам бір-бірінен ажырамайтын феномендер. Дін қоғамдық құбылыс, ал қоғам мемлекеттің субстанциясы. Бүгінгі таңда әркім өзінің діни сеніміне берік бола отырып, ортақ адамзаттық келісімге келу өркениеттік сананы қажет етпек. Өркениеттік сана дегеніміз әрбір адамның өз болмысымен, дінімен, елдік санасымен бірге адамзатқа ортақ мәселелер туралы келелі сөздер айта білуі. Халықтар, елдер арасында, діндер арасында ұрыс-керіс, жанжал емес, бүгінгі бұрқ-сарқ етіп қайнап тұрған XXI ғасырда мәдени сұхбат қажет.

Дін – қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі, қаншама ғасырлар бойы адамзат баласы діннің мән-мағынасын ашып көрсетуге талпынып, қаншама ұлағатты істер атқарды. Дін мағынасына анықтамалық теория беру де оңай емес. «Религия» терминіне келетін болсақ, латын тілінен аударғанда «байланыс» дегенді білдіреді. Адам Абсолютпен (ең кемел бағдарлаушымен) байланысын сезінеді, бұл адамның табиғатымен бітіскен қасиеті. Барлық діндерге ортақ мүдде – адамдардың бейбіт өмір сүруі. Егер адамдардың құдайға деген сенімдері, дінге деген сенімдері қалыптасса, бейбіт тіршілік ету мәселесі де шешіледі. Дін адамның ішкі жан дүниесінде мейрімділік, шыншылдық, махаббат деген сенім мен үмітті қалыптастырады.

Дін – дүниеге көзқарас және дүние түйсінімі, сондай-ақ осыларға сәйкес мінез-құлық пен ерекеше іс-әрекеттер (табыну). Ол Құдайдың немесе құдайлардың өмір сүруіне, оның табиғаттан тыс екендігіне сенуге негізделген. Философиядағы сияқты дінді де әңгіме адамдар өз өмірінде негізге алуы тиіс дүние туралы ең жалпы түсінімдер туралы болады. Өйткені дін адамның дүниені түсіндіру мен өзін-өзі түсіну әркеті мен қажеттігі ретінде пайда болған.

Әдетте, діни түсінімдер құдай туралы, дүниені құдайдың жаратқаны, жанның өлмейтіндігі, адамның орындауы тиіс құдай өсиеттері және т.б. туралы ілімде білдіріледі. Бұл іргетастық діни идеялар өз сипаты бойынша философиялық идеяларға ұқсас. Алайда олар дін шеңберінде негізделмейді, сенім негізінде қабылданады және ешқандай сынға ұшырауға жатпайды. Философия болса, өз тұжырымдарын дәлелдеуге ұмтылады. Ол логикалық пайымдаулардың көмегімен идеялардың теориялық жүйелерін дамытады және бұл ретте өз қорытындыларын үнемі сынға ұшыратады. Философиялық ой қасаң қағидалардан азат болуы тиіс, ал кез келген дінде оларға қандай да бір күмән келтіру күнә ретінде айыпталатын қағидалар бар.

Философия автономды, онда зерде ешқандай қысымға бағынбайды және барлық шешімдерді өзі қабылдайды. Дін өктемшіл, ол адам зердесіне белгілі бір «зердеден тыс» қағидаларды тықпалайды. Философияда рационалдық үрдістердің дамуы оның теологиямен (құдайылық іліммен) – құдайдың мәні және іс-әрекеттері туралы ілімді негіздеудің діни-философиялық жүйесімен шұғыл жік ажыратуына әкелді. Мұны бірқатар ойшылдар (Декарт, Спиноза, Кант, Гегель, Рассел және басқалар) жүзеге асырды.

Алайда құдай болмысын дәлелдеу, діни догматтарды рационалды негіздеу міндеті қойылған кезде дін философиямен етене жақындаса түседі. Мұндай міндет қою діни философияның құрылуына әкеледі. Алайда бұдан діни ілім философиялық ілімге айналмайды: оның өзі емес, оны негіздеу философиялық болып шығады. Философия мен діннің арақатынасын мынадай сызбада ұсынуға болады: Әртүрлі діни-философиялық доктриналар бар, оларда діни мазмұн дәлелдемелермен бекітіледі. Бірақ дінмен

үйлеспейтін толып жатқан философиялық ілімдердің өмір сүретіні де өз-өзінен түсінікті. Философтар дінге сенушілер де, атеистер де болуы мүмкін.

Дін философиясының пәндік саласы діннің дүниеге көзқарастық проблемаларын зерделеу, діннің негізінде жатқан жалпы идеялар мен принциптерді зерттеу болып табылатынын түсіну маңызды.

15 Дәріс. «Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы».

«Мәңгілік Ел» идеясы біздің көне түркілік дүниетанымымызды, болмысымызды, көшпенділер өркениетінің негіздерін замана талабына сәйкес қайта жаңғыртудың, елімізді алдыңғы қатарлы қуатты мемлекеттер қатарына жеткізудің идеялық кепілі болып табылады. «Мәңгілік Ел» – ұлттық бірлік пен бейбітшілікті, экономиканы нығайту, халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық қауіпсіздік, мәдениеттің, тілдің дамуы, патриоттық, отаншылдық сезімнің күшеюі негізге алынатын Қазақстан жолының жаңа кезеңі.

«Мәңгілік Ел» идеясы біздің мәңгілік халық, мәңгілік мемлекет болып қалуымызды қуаттайды, халқымыздың өз тамыр-тегін, ұлттық рухы мен өзіндік бірегей даму жолын сақтауға, әлем қауымдастығында өз рөлін айқындауға, тарихи-мәдени құндылықтарды мұқият сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге, адамгершілік бағдарды қалыптастыруға, дамытуға, қоғамның зияткерлік әлеуетін күшейтуге үндейді. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жас ұрпақты өз отанына деген сүйіспеншілік пен патриотизмге, ұлттық салт-дәстүрге, руханият пен мәдениетке құрмет сезіміне тәрбиелеуді талап етеді. Сол себепті жас ұрпақты «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына тәрбиелеу бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі.

«Мәңгілік Ел» – Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру стратегиялық мақсатын жүзеге асыруға бағытталған қуатты жұмылдырушы бастама.

Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы елді жарқын болашаққа бастайтын даңғыл жол болмақ. Рухани жаңғыру – адам баласының ішкі жан дүниесінің жаңғыруы, санасы, түсінігі жаңа өзгерістерді саралап, дұрыс қабылдай білуінде. Қазір табысты болудың кілті – білімде. Саналы ұрпақ тәрбиелеп, білім беру - Елбасы саясатының басты және негізгі бағыттарының бірі. Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында. Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске

асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне шығу мына мақсаттарға қол жеткізуді көздейді.

Қазақстан – «Ұлы Дала» Елі. Ұлы даланы мекендеген ата-бабаларымыз жабайы жылқыны алғаш рет қолға үйретті. Ұлы дала болмысы, тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі нағыз ұлттық идеологияның негізі болып табылады. «Ұлы Дала» – ұлтымыздың кіндік қаны тамған, ата-бабаларымыздың қаны мен тері сіңген құт қонған, ұялы мекені. «Ұлы Дала» туған еліміздің қадір-қасиеті, болмысы мен мәдениеті, тарихы мен өмірі, абыройы мен айбыны. Біздің міндетіміз - Ұлы даланы қастерлеу, құрметтеу, тарихын зерттеу, соны тек зерттеп қана қоймай болашақ ұрпақтың игілігіне жарату. Ұлы даланың қазіргі жастарын рухты болуға, ерлікке, батылдыққа, отансүйгіштікке, жерді сүюге тәрбиелеу. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы ата-бабалардай ержүрек азаматтарды дайындау болып табылады.